

## БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

## Омонимдер

ЖАРИЯЛАНДЫ  
05.07.2020СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/90984/

## Пәні: Қазақ тілі

## Сабақтың тақырыбы: Омонимдер

**Жалпы мақсаты:** Омоним туралы түсінік алу. Омоним сөздердің мағынасын ажырата білу.

**Оқыту нәтижелері:** топтық жұмыс барысында өз ойын ашық айтуға мүмкіндік алады, танымдық белсенділігін арттыра отырып, басқалардың пікірін тыңдауға, өз бетімен іздену мен қатар жұптық, топтық ізденуге құлшыныс жасай алады, белсенділік танытады, ойларын еркін, шынайы жеткізе алады.

**Негізгі идеялар:** сыни тұрғыдан ойлауға, өз ойын сенімді түрде айта алуға, өзін бағалаумен бірге топтық жұмыс барысында басқаларды да әділ бағалай алады. Жаңа тақырыптың ерекшеліктерін өзіндік белгілерін жұптық, топтық жұмыстар арқылы меңгеруіне, жаттығу мәтіндерін орындағанда алған теориялық білімдерін практикамен ұштастыра алуына жағдай туғызу, бағыт беру.

**Сабақ түрі:** Блум таксономиясы арқылы білік пен дағдыны қалыптастыру сабағы.

**Көрнекілігі:** оқушылар мен оқу құралдары, тақырыпқа арналған слайдтар және сөз көрнекілігі.

**Міндеттері:** Сыни тұрғыдан ойлау арқылы мәтінмен жұмыс жасауда уақытты тиімді пайдалану, бір-бірін тыңдауға, бір-бірін бағалауға, ойын нақты әрі дәлелді айтуға машықтандыру, әр топты берілген тапсырманың мағынасын ашуға жетелеу.

**Жетістіктері:**

Оқушының пәнді терең түсіну қабілетінің терең дамуы;

Тақырыптың мәнін өзінің қызығушылық танытуы мен меңгеруі және бағалауы;

Бағалау туралы сенімді көзқарастың қалыптасуы;

## Білімін жетілдіруге талпыныс;

рет	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Сабақта игерілетін білім	Тапсырма түрі	Әдісі	Жүйесі	Тәрбиелік мәні	Модуль Уақыт
1.Білім	1.Ұйымдастыру. 2.Бағалаубетшелерін тарату. 3. Үй тапсырмасын тексеру. Өткен тақырыпты сұрақ-жауап әдісімен пысықтау.	Кезекші мәліметі. Жұпқа бөлінеді. Үй тапсырмасын орындауы. Сұрақтарға жауап.	Көп мағыналы сөздердің өзіндік белгілерін ұғынды.	Ұжымдық, топтық	Сұрақ-жауап	Мұғалім,оқушы	Зеректік	1-модуль 7-модуль 10 мин.
2.Түсіну	Жаңа тақырып. 1.Омоним туралы түсінік беру. 2. Берілген сөйлемдерден омонимдердің мағынасын таныту.	Омонимдерге анықтама береді. Сөйлемдерден омонимдерді тауып, мағынасын айтады.	Омоним туралы түсінік алды.	Ұжымдық, жұптық	проблемалық	Мұғалім,оқушы	Есте сақтау	4-модуль 6-модуль 9-модуль
3.Қолдану	Жаттығу мәтіндерінен берілген сөздерді омоним етіп сөйлем құрау.	Сергіту сөті. Топқа бөлінеді. Омоним сөздердің мағынасын танып біледі.	Салыстырып таныды.	Топтық	Проблемалық	Оқушы,мұғалім	ізденімпаздық	6-модуль 2-модуль 7-мин.
4.Талдау	Көп мағыналы сөздермен омонимдерді салыстырып ұқсастығы мен айырмашылығын түсіндіру.	Көп мағыналы сөздер бір сөз табынан, омонимдер әртүрлі сөз табынан болатынын ұғады.	Өтілген тақырыппен ұштастырады.	Топтық	Шығармашылық	Оқушы, мұғалім	Есте сақтау,ізденпаздық	5-модуль 6-модуль 10-мин.
5.Жинақтау	Жаттығу мәтіндерінде берілген сөздерді қатыстырып омоним болатындай сөйлем құрау,мақал айту.	Жаттығу мәтіндерін шартына сай орындайды, салыстырады, мақал-мәтелдер айтады.	Мақсат құра біледі. Міндетін атқарады.	Ұжымдық,топтық	Шығармашылық	Оқушы,мұғалім	Сыни тұрғыдан ойлау	2-модуль 5-модуль 6 мин.
6.Пайымдау (баға)	Омоним сөздердің тілдегі рөлі қандай? Жаңатақырыпты қорыту. Үй тапсырмасын беру.	Пікір айту. Бағалау бетшелерін тапсырады (бірін-бірі бағалау). Топ басшыларының сыни бағалауы.	Сыни тұрғыдан пікір айтады.	Ұжымдық,топтық	CTOV	Оқушы, мұғалім	Сыни тұрғыдан пікір айтып бағалау	2-модуль 3-модуль 3 мин.

Бағалау бетшесі. Тақырыбы: Омонимдер. Ескерту: 1 балл-орташа жауапқа, 2- балл – жақсы жауапқа, 3 — балл — өте жақсы жауаптарға қойылады.

Бағалау тәртібі: 1-7= «2» 12-15= «4» 8-11= «3» 16-18= «5» Ең жоғарғы балл- «3»

№	Оқушының аты-жөні	1.Білім	II.Түсіну	III. Қолдану	IV.Талдау	V.Жинақтау	VI.Бағалау (Түйін)	Барлық балл	Баға
	1-3	1-3	1-3	1-3	1-3	1-3	1-3		
1		3	3	3	3	3	2	17	5
2		2	3	3	2	3	3	16	5
3		2	2	3	2	2	3	14	4
4		2	1	1	2	2	2	10	3
5									

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.